



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

Жоғарыда аталған өзгерістердің барлығы оқу-тәрбие жүйесінде кері әсерін тигізбеуі қажет. Сондықтан кез-келген инновациялық технологияларды, цифрлық технологияларды қолданғанда ұлттық идеяларымыз бен мақсат-міндеттерімізді көздейтін халықтық педагогикамен ұштастыруды естен шығармаған жөн.

Қорыта келе, бәсекелестікке төтеп бере алатын, ой-өрісі жоғары дамыған, білімді, зерделі, жан-жақты парасатты, мәдениетті, ғылыми-ізденіс қабілеттері қалыптасқан ХХІ ғасыр азаматын тәрбиелеу – біліктілікті үздіксіз жүйелі арттыру барысында педагог қызметін жетілдіре отырып, әр түрлі озық жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануда ұлттық құндылықтарымызды ескеріп, мазмұнды да мәнді өткізген сабақтарымызға, сыныптан тыс іс-шараларымызға байланысты екендігін атап өткіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев. – Астана. – 2017. – 12 сәуір.
2. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы.
3. «Мәңгілік Ел». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ., 2016. - 26 сәуір.
4. Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. - Алматы, 2014, №6, 8,9 б.

ӘОЖ 711.7

БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Конарбаева Бактыгул Кыстауовна
konarbayeva85@mail.ru
Конарбаев Нурбол Сакенович
арнайы пәндер оқытушылары
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай құрылыс колледжі» КҚМК
Қостанай қ, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада заманауи оқыту әдістерін, білім сапасын арттыру қарастырылады. Мұғалім мен оқушылар арасындағы тиімді коммуникация білім беруде сапалы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін фактор ретінде негізделеді.

Түйінді сөздер: білім сапасы, оқушылар, шығармашылық, мұғалім, технология, әдіс-тәсіл.

Аннотация

В статье рассматриваются современные методы обучения и повышения качества образования. Обосновывается эффективная коммуникация между педагогом с студентам как фактор, способствующий достижению качественных результатов в образовании.

Ключевые слова: качество образования, студенты, творчество, учитель, технология, метод.

Abstract

The article deals with modern methods of teaching and improving the quality of education. Substantiates effective communication between the teacher and students as a factor contributing to the achievement of quality results in education

Key words: quality of education, students, creativity, teacher, technology, method.

Сапалы білім беру дегеніміз – ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады. Қазірге кезде білім берудегі басты мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ойы – талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Ертеңгі бәсекеге қабілетті тұлға – бүгінгі болашақ маманның студенттері. Олар – еліміздің ертеңі, дамыған елдермен иық тіресіп, тереземізді тең ұстап, әлемдік бәсекеде үкілі үмітімізді ақтайтын ұрпақ. Сол ұрпаққа сапалы білім беру – әрбір ұстаздың парызы. Ал, білім беру жүйесі – қай

кезеңде болмасын қызығы мен қиындығы мол күрделі сала. Оқушыларға жүйелі білім беріп, білікті маман етіп шығару ұстаздар тарапынан үлкен ізденіс пен қажырлылықты талап етеді. Шәкірттерге сапалы білім беру үшін оқу орындарында барлық жағдай жасалған. Әдістемелік орталық арқылы мұғалімдердің шығармашылық ізденістерін дамыту, кәсіби біліктіліктерін жетілдіру, өзара тәжірибе алмасу бағытында кәсіби байқаулар, конференциялар, педагогикалық оқулар және дарынды оқушылармен жұмыстар ұйымдастыру, оларды анықтау, танымдық деңгейлерін көтеру, шығармашылық жұмыстарға баулу бағытында танымдық шаралар өткізіліп, дайындықты жетілдіру мақсатында әдістемелік көмектер ұйымдастырылуда. Осындай жүйелі жұмыстардың арқасында колледждегі білім сапасы жылдан жылға көтеріле түсуде.

Тәуелсіз мемлекет екенін бүкіл әлемге дәлелдеген Қазақстан Республикасының басты міндеті – осы мемлекеттің өсіп-өркендеуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Еліміздің толыққанды әлеуметтік, экономикалық өсіп-өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым. Дамыған ел ретіндегі болашақтағы өсіп-өркендеуі, дамуы, әлемдік кеңістіктегі орны білімнің бағыт-бағдарына, оның тиімділігіне байланысты анықталады. Бұл өз кезегінде білім беру саласына жоғары жауапкершілік жүктейтіні түсінікті. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің мақсатты реформалануы–қоғамның демократикалық бағытта дамуға бет алғанының дәлелі. Мемлекеттің алдындағы күрделі мәселелердің ішінде жас ұрпаққа білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу маңызды орынға шықты. Осыған орай, білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, жаңа бағыттағы оқу орындары пайда болып, білім мазмұнының толығымен жаңаруына алып келді.

Білім сапасын арттыру жолындағы мақсат: пән бойынша ғылыми – әдістемелік зерттеулер жүргізу, оның нәтижесін талдау, ғылыми методикалық жұмыстарды дамытуды оқытудың тиімді әдістерін табу, дамыта оқыту: анализ, синтез, болжау әдістерін сабақ беруде жиі қолдану.

Білім сапасын арттырудың басты шарты: оқыту теориясының дамытылуы мен тәжірибеде орынды қолданылуы, оқыту бағдарламасы мен оқулықтардың, оқу құралдарының сапасын қамтамасыз ету, колледждің оқу-материалдық базасын жақсарту, қажетті көрнекі және техникалық оқу құралдарымен толық жабдықтау, мұғалімнің әдістемелік шеберлігі, колледж басшыларының іс шара ісін дұрыс ұйымдастыра білуі, ата-аналардың және басқа да қоғамдық ұйымдардың осы мақсатта жүйелі жұмыс жүргізе білуі.

Оқушылардың білім сапасын арттыру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқушылардың оқу іс-әрекетін педагогикалық сауатты ұйымдастыра білуіне байланысты. Оқыту теориясы қаншалықты дамытылғанымен, оқу бағдарламасы жетілдіргенімен, оқулық пен оқу құралдарының сапасы барынша жақсартылғанымен, колледж керекті оқу құралдарымен керегінше жабдықталғанымен, оқу процессінде осының баршасына жан бітіріп, іске қосатын, оларды оқушылардың бақылау, байқау, зерттеу, оқу, үйрету тағы сол сияқты іс-әрекеттер нысанына айналдыратын кілт- мұғалімде [1,б.10].

Оқыту үдерісі сапасы мен тиімділігін көтеруде оқытудың әдіс-тәсілдері өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңартылып, жаңаша ой-пікір пайда болды. Осыған байланысты мұғалімдер алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жанаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Көрнекті неміс педагогі Адольф Дистервег 19-ғасырдың өзінде–ақ: «Жас мұғалімнің негізгі кемшілігі – өзіне белгілі материалды балаларға тегіс айтып беруге тырысуы». Ол нашар мұғалім шындықты (білімді) өзі айтып, хабарлайды, жариялайды, ал жақсы мұғалім шәкірттерді оны табуға үйретеді – деп есептеді. Сондықтан мұғалім бүкіл сабақ барысында, оның әрбір кезеңінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыра, белсендіре отырып, олардың көпшілігінің қалып қалмауын талап етіп, ұстаз оқыту мазмұнының нәтижесі болуын шәкірттердің білім сапасының жоғары болуын-олардың өз іс- әрекеттерінің сипатына тікелей тәуелді екенін үнемі басшылыққа алуында.

Оқыту үрдісінде балаларға сапалы білім беру үшін олардың танымдық іс-әрекетінің мақсатқа жеткізетіндей әдіс-тәсілдерімен қаруландыру қажет. Оқушылар танымдық іс-әрекеттің әдіс-тәсілдерін меңгергенде ғана құбылыстың мәнін анықтау жолында, өздігінен білім сапасын арттыру мақсатында белсенді де, батыл әрекет ете алады.

Оқыту үдерісінде сапа мен тиімділікті арттыруда біздің назар аударатын ең негізгі мәселелеріміз мыналар:

Оқушылардың алдына бүгінгі тақырып бойынша меңгеретін негізгі мәселені мақсат етіп қою. Алдағы уақытта не істеу, қалай жасау қажеттігі жөнінде жалпылама бағыт беру.

Оқушылар белгіленген бағыт бойынша материалдармен жұмыс істейді. Яғни олар кестемен, сұлбамен, графикалық сызбалармен айналысады.

Мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып сұлба, кесте және тағы басқа материалдар көмегімен өздері бақылап, байқап, жұмыс істеп көргендерінің ішінен ізделінді қасиетті бөліп шығаруға тырысады. Шығарылған есептің шығарылу жолын, оған нақты қандай дайын формулаларды пайдаланды, сол формуланың көмегімен қандай нәтижеге жеткенін пайымдайды.

Оқушылар мұғалімнің көмегімен орындаған жұмыстарын тағы бір рет тексеруден өткізеді: анықтаған қасиеттердің дұрыстығына көз жеткізеді.

Ойлау әрекетін осы ретпен қалыптастыру барысында материалды игеруге оқушылардың мақсаты, қабылдауы, елестетуі, ұғынуы, есте сақтауы барлық психикалық әрекеттері түгел қатысады. Сондықтан сабақты меңгеру нәтижесі білім беріктігін қамтамасыз етеді [2, б.8]

Оқушының өз мамандығына деген қызығушылығын арттыруда тағы бір ескеретін жайт, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, өздігінен шығармашылық жұмыс істеуге бағыттау. Ол үшін әрбір оқушының даярлығы мен мүмкіндіктерін, қабілеттері мен білімдеріне сүйене отырып, сабақтың өту құрылымына талдау жасап, білімнің тиянақты түрде оқушыға түсінікті болуын, нақты дәрежеде игерілуін қадағалау қажет. Өтілген материалды үнемі жиі қайталап отыру, деңгейлік сұрақтарды қою игерілген білімнің терең және тиянақты болу мүмкіндігін ұлғайтады. Пәнге деген қызығушылықты дамыту үшін дидактикалық ойындарды пайдаланып оқушының логикалық ойлауын, өз бетімен жұмыс істеуін жандандыру қажеттігі шығады.

Оқушының біліміндегі олқылықты анықтау үшін тестік бақылау жұмысының орны ерекше. Ол біріншіден оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу әрекеттерін арттырады, оқытудың тиімділігіне қол жеткізеді, ойлау қабілетін, шығармашылық белсенділігін арттырады, егер мұғалім дұрыс бағыт бере білсе. Сабақта тек материалды игеріп қана қоймай, игерілетін материал төңірегінде мәселелер туғызып, оқушының тереңірек ойлануына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашу керек.

Есептерді шешуді үйрету үшін олардың түрлерін, қалай құрылғанын, қандай құрамдас бөліктерден тұратынын анықтаған жөн. Қандай да болмасын есепті шешуге кіріскенде оны мұқият талдап, талаптарын шарттарын анықтау қажет, яғни анализ жасау керек. Бірақ қайсібір оқушылар есепті шешуге біршама машықтанып қалады да, сол жолмен шешуге дағдыланады, яғни басқа жолмен шешуге талаптанбайды. Оларды есептерді шешу жолы басқаша да құруға болатынын проблемалық сұрақтар қою арқылы жетелеп, ой салдырып, өз беттерімен ізденіп, шешу жолдарына зер салып, оларды шешудің тәсілдерімен әдісі ерекшеліктерін түсінуге бағыттау керек. Осы бағытта жұмыс істеу үшін оқушының бойына алдымен оның ынтасын, шыдамдылығын, қажырлығын және білімділігін қалыптастыру керек. Содан кейін есептерді шешудің негізгі кезеңдерін ұқтыру керек.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» деп ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов айтқан. Бұл сөзде мәні терең мағына жатыр. Еліңнің ертеңі – жас ұрпақты жақсылап өсір деген сөз. Сондықтан, бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру және сапасы мен тиімділігін көтеру, тәрбиелеу әр ұстаздың міндеті.

Қазіргі таңда білімге, ғылымға деген қызығуы жоғары, интеллектуалды жастар сомдау өзекті мәселе. Оны шешуге орта мектептен бастап пәнді оқытуда ең алғашқы күннен бастап-ақ оқушылардың пәнге қызығушылығын, ынтасын арттыру керек және де білім беруде сабақты күнделікті өмірмен байланыстыру өту тиімді.

Сапалы білім беруде мұғалім міндеті – білім технологиясын бүгінгі күн талабына сай жетілдіру. Бағдарлама бойынша дифференциалдап оқыту, сабақ барысына проблемалы әдісті қолдана білу, сабақтың әр бойында барлық оқушылардың толық жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қайталау жұмыстарын шебер ұйымдастыра білу, сабақ барысында әрбір оқушының ерекшеліктерін ескере отыру, олардың белсенді әрекеттерін, әсіресе, ұйымшылдық пен еңбексүйгіштік қасиетін әрі қарай дамыту – әрбір мұғалімнің биік міндеті.

Оқушылардың білімін жүйелі тексеріп, бақылап отыру, жауапкершілікке, үнемі жұмыс істеуге баулып және оқушы білімінің тиянақтылығын, тереңдігін арттырады.

Сондықтан біз өз тәжірибемізде оқушыға сапалы, тиянақты білім беріп, білімділік дағдыларын қалыптастыруды, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай оқытудың жүйелілік ұстанымын басшылыққа аламыз, білім тексерудің сан алуан түрлерін қолданамыз. Үлкен бір тарау өткенде білімді жүйеге келтіру, есепке алу өрісін жетілдіру – басты мақсатымыз.

Оқушылардың білім сапасын көтеру үшін төмендегі негізгі ұстанымдарды еске сақтау қажет.

- Оқу тәрбие жұмысын педагогикалық диагностикалық нәтижелеріне байланысты ұйымдастыру әр баланың іс-қабілетін анықтау, сұранысын білу;
- Басты мақсат – балалардың бойындағы дарындылықты дамыту, шеберлігін арттыру, жеке шығармашылығын қалыптастыру;
- Оқытудың мазмұны мен жетістігіне ғылыми талдау жасау.
- Педагогикалық ізденіс барысында баланың ойлау жүйесінің дамуына болжау жасау, білім берудің өзгеше әдіс-тәсілдерін енгізу.

• Оқушылардың жеке шығармашылығын дамыту үшін ұстаз өз шығармашылығын көтеру, іздену керек. [3, б.7]

Қазақстан Республикасының білім саласына енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заманауи талаптарға сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарлама. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігімен байланыстыру арқылы сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым – қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – ғаламдық кеңістікті тану тілін оқытуда жаңашылдықтарды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр.

Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің білім беретін колледждерде де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Қорыта айтқанда, оқыту сапасы мен тиімділігін көтеру жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің колледж қабырғасында алған білімін шынайы өмірлік қажеттіліктерге асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелейміз.

Өзіміз жұмыс істейтін оқу орнында оқыту мен білімді меңгеруге деген сұраныстың артып келе жатқандығын байқаймын. Оның дәлелі: сапалы білімді меңгеріп қана қоймай, дұрыс еңбек жолын тандай білу. Сонымен қатар біз білім берген оқушы, яғни болашақ маман мынау толқыны мықты заманның сұранысына төтеп бере алатындай болса, өз мамандығының кәсіби шебері боларына кәміл сенімді.

Білім мен шеберлігі артып тұрған маман әрқашан да сұранысқа ие болатыны айтпаса да түсінікті. Көпшіліктің жоғары білім мен жоғары біліктілік ұғымдарын ажырата білмейтіні өкінішті. Жоғары білім алып шыққан азаматтардың барлығы жоғары білікті дей алмаймыз. Білім мен білікті болашақ мамандардың мәртебесін көтерсе, оған қол жеткізу тек оқу-әдістемелік бірлестіктердің жаңа технологиялары арқылы жүреді.

Мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінуіміз керек және өмір бойы іздеушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жете аламыз. Мұғалімнің әрбір сөзі ісі, қимылы, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан әрбір ұстаз үшін оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдану қажет етеді.

Халқымыздың ғасырлар бойы армандап, екі ғасыр тоғысында қол жеткізген бақыты – ол біздің тәуелсіздігіміз. Оның ірге тасының мықты болып қалануы ұрпаққа берілетін білім мен тәлімді тәрбиеде. Ал ол ұстазға жүктелетін ауыр міндет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы.
3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы.
4. «Ұстаздық ізденістер» Ү. Бөлекбаева алматы 2007ж – б 10.
5. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. Өскемен: МедиаАльянс, 2004- б.8

6. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. –А.: Білім, 2008- б.7

7. Рухани жаңғыру және білім

УДК 37

ОБУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В ЭПОХУ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ: ОПЫТ И ПРОБЛЕМЫ

Копейкина Любовь Николаевна
педагог-исследователь, учитель английского языка
КГУ «Школа-гимназия города Тобыл отдела образования Костанайского района»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Тобыл Костанайской области
love-kopeikina@mail.ru

Андапта

Автор мектептегі білім беру жүйесін цифрландыру заманында ағылшын тілін оқытудың ерекшеліктерін қарастырады. Автор технологиялық прогрес дәуіріндегі мұғалімнің кәсіби ойлауының түрленуі туралы өзінің әдістемелік тәжірибесі мен ой толғауларын сипаттайды.

Түін сөздер: білім берудегі цифландыру, ағылшын тілін оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, педагогикалық құзыреттіліктер.

Аннотация

Автор рассматривает специфику обучения английскому языку в условиях цифровизации системы школьного образования. Описан собственный методический опыт и размышления о трансформации профессионального мышления педагога в эпоху технологического прогресса.

Ключевые слова: цифровизация образования, обучение английскому языку, информационно-коммуникационные технологии, педагогические компетенции.

Abstract

The author considers the peculiarities of teaching English in the context of digitalization of the school education system. Methodological experience and reflections on the transformation of the teacher's professional thinking in the era of technological progress are described.

Key words: digitalization of education, teaching English, information and communication technologies, pedagogical competence.

В настоящее время происходит переоценка глобальных профессионально-педагогических ценностей. Изменилась структура педагогической деятельности. Эти изменения неизбежны, обусловлены естественными переменами в гуманитарно-социальной сфере, трансформирующейся, в свою очередь, благодаря технологическому прогрессу и развитию общества. Современный образовательный процесс за последние десятилетия претерпел значительные изменения, которые влияют на всех его участников и дальнейшее развитие педагогической науки и педагогической деятельности:

- повышенное внимание к воспитанию творческих способностей и когнитивных умений учащихся;
- интенсивное внедрение цифровых образовательных технологий непосредственно в учебный процесс;
- цифровая основа в системе управления образованием;
- увеличение доли самообразования;
- необходимость регулярного совершенствования материально-технической базы, методических принципов и приемов обучения;
- высокие требования к цифровой компетенции педагога.

Спецификой образования нынешнего поколения молодежи является не передача суммы накопленных знаний и умений, а обучение привычке самостоятельно мыслить и творчески подходить к поиску и обработке информации. При изучении иностранного языка в данном аспекте важно